



Ақмешіт

4 мамыр
сенбі
№35 (2045)
2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі бастап, өңірлерде экологиялық акциялар мен сенбіліктер жүйелі жүруде. Мың жылдығын ойлағанның тал егетінін еске салар болсақ, әрбір сенбіліктің аясында саябақтар мен аллеяларда ағаш егу қарқын алды. Бір ғана «Таза Қазақстан – таза аймақ» республикалық экологиялық акциясы аясында да мыңдаған түп ағаш егілді.

ЖАСЫЛ ҚАЛАҒА қашан айналамыз?

Бұған дейін облыс орталығында ағаш егілгенмен аяқсудың уақытылы берілмеуі салдарынан егілген көшет көктемейтін. Өйткені бұл бағытта нақты жоспарды алдына мақсат етіп алып, соған сай түбегейлі әрекет ететін мекеме жоқ еді. Тіпті өткен жылы мемлекеттік сатып алу арқылы жеңімпаз болған мекемелердің жауапсыздығы да қанша еңбекті еш етті. Енді мұндай жағдай болмайды. Өйткені қалалық әкімдікке қарасты «Жасыл Қызылорда» мекемесі құрылып, ағаш егу, оны күтіп-баптау жұмыстарына белсене кірісіп кетті.

– Қала бойынша 35 мыңдай көшет егеміз деп жоспарлап отырмыз. Оған бөлек, қазір саяжай көп, саяжайларда түрлі жеміс ағашының көшеттері бар. Саяжай иелерімен келісе отырып, сондай көшеттерді жинастырып, әрбір көшеге түрлі жеміс ағашын егу жоспарда бар. Мәселен, бір көшеде өрік, келесі көшеде шие, арғысында алма деген тәрізді. Су жүретін арық жүйелерін де ретке келтіріп, бұрын-соңды су бармаған жерлерді де көзін ашып отырмыз. Алдағы уақытта бұл жұмыстың жемісті нәтижелерін көреміз, – дейді «Жасыл Қызылорда» мекемесінің директоры Әжібек Мампаев.

4-БЕТТЕ

БІР ТҮЙІР ДӘН – ЕЛ НЕСІБЕСІ



Жер-анаға дән себілді. Дала еңбеккерлерінің бұл қуанышына қала әкімі Серік Қожаниязов қатысты. Қарауылтөбе ауылдық округіндегі «Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС дикандары егін егуді бастады.

2-БЕТТЕ

Көк түтіні будақтап, көшені басына көтеріп бара жатқан ескі ЗИЛ түргүр етеді, тағы бірде ұзақ жылаған баладай қорс-қорс етіп, бір тынады. Бағдарламға ыңыранып келіп, әрең тоқтады. Жақтауша астауының темірі шіріп-шіріп бөлінуге айналды. Бірақ құр сұлдерін сүйретіп әлі де жүр. Тірлікке жарайды деп мініп алған Арыстан газ педальін түбіне дейін басып, жарысуды да ұмытпайды. Қала мен ауыл арасында ағаш, көмір тасиды, әйтеуір бір тынбайды. Жаз басталса, ауылдағы ағайынның шөбін базарға әкеп сатып, тағы да пұл табады. Қолы боста тұлпарының қол-аяғын бір-бір балғалап, жамағандай болады. Бірақ ескінің аты ескі. Қашанғы жамағанға көнсің. Жасына салсақ, өзінен жиырма жас үлкен.



КӨЛІКТЕН У ШЫҒА МА, БУ ШЫҒА МА?

Қайсыбір жылдары ағаш базарының маңында төбесіне жүк артатын темір қолдан жасап, барынша созып алған волгалар жаңбырдан соңғы саңырауқұлақтай көбейіп кеткен. Өзінің көлемінен екі есе темірді құйрығын сүйретіп тиіп алады да, қалаған жеріне тартып отырады. Кезінде түскірігі жерге түспейтін шенеуніктерді тасыған қайран волгалы да осылай көк есіп етіп мініп алған ағайын оның қозғалтқышының жай-күйіне қарап жатқаны шамалы.

Елімізде осы кезде біз айтып отырғандай ескі көліктер саны 2,5 миллионнан асып жығылады. Сарапшылардың сөзіне сенсек, биылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстанда 5 миллион 300 мың автокөлік бар екен. Өткен жылмен салыстырғанда 18,4 пайызға артыпты. Бірақ одан не пайда, оның тең жартысы ескі автокөліктер. Өлдекімнің нәпақа тауып, отбасын асырап отырған тұлпарын артық көріп жатқанымыз жоқ. Мәселе оның түгін арқылы бөлінетін улы газда болып тұр. Жыл басынан бері он автокөліктен түгін арқылы шамадан тыс улы газ бөлінгені анықталып, тиісті шара көрілген. Экологтар бұл мәселеде жүргізушілердің жеке басын ғана емес, айналасындағы елді ойласа екен дейді. Бірақ, біз жоғарыда айтқан Арыстан сияқты азаматтар көлігі шашылғанша тыным бермей, тірлік етуде.

4-БЕТТЕ

«ҚАЙСАР» ЖАНКҮЙЕРЛЕРІНІҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

Қалада жана стадионның құрылысы басталады. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қаланың сол жағалауына салынатын стадионның іргетасын қалау рәсіміне қатысып, қала тұрғындарын құрылысына басталуымен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәріміз – бір елдің азаматымыз. Тарих тоғыстырған тағдырымыз – бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз – бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қарашырағамыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз. Біздің мақсатымыз айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру» деген болатын.

Аймағымыз үшін айтулы күн, көптен күткен қуанышты сәтте бас қосудамыз. Халықаралық талаптарға сай келетін, 10 мың орындық жана стадионның іргетасын қалаймыз. Өздеріңізге белгілі, тәуелсіздік жылдары елімізде заманауи

екі стадион, яғни «Астана арена» мен «Түркістан арена» ғана салынған. Қызылордадағы Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадионның салынғанына 60 жылға жуықтады. Стадион УЕФА талаптарына сәйкес келмейді. Сондықтан біздің сүйікті командамыз «Қайсардың» жанкүйерлерінің ұсынсымен жаңа стадион салуға шешім қабылдадық, – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада футболдан Қазақстан құрама командасының капитаны, бес дүркін ел чемпионы және Қазақстан кубогының жеңімпазы, екі дүркін Қазақстан кубогының иегері Асхат Тағыберген жерлестерін құттықтады. Сонымен қатар жана стадионның іргетасын қалау сәтінде мемлекет және қоғам қайраткері Бакбергенов Досманбетов бата берді.

Айта кетейік, биыл Сыр өңірінде жағымды жаңалықтар мен жарқын жетістіктер жетерлік. Қызылорда қаласында құны 2 млрд 700 млн теңге болатын үстел теннис орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Сырдария өзенінің сол жағалауынан физика-математика мектеп-



интернаты, Оқушылар сарайы және музыкалық колледждің жана ғимараты салынууда. Халықаралық стандарттарға сай келетін жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Өткен жылы аймағымызда 7 дене шынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне табысталса, биыл аудандарда 4,7 млрд теңгеге 12 спорт кешені пайдалануға беру жоспарлануда.

Жыл басынан бері Сыр спортшылары әлемдік аренада өнер көрсетіп, облыс қоржынына 6 медаль салса, республикалық чемпионаттар мен кубоктардан 140 жүлде иеленді. Басты жетістік, Қамшыбек Қоңқабаев бокстан, Айдоус Сұлтанғали грек-рим күресінен Париж олимпиадасына, қос бірдей спортшы Эрик Қасқабаев пен Шыңғыс Медеуов отырып ойнау волейболдан паралимпиадаға жолдама алды. Дзюдо, парадзюдодан да үміткерлер бар.

А.НУРЛЫБАЙ

Суреттер облыс әкімдігінің баспасөз қызметінен алынды

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРА МА?


Бүгінде жасанды интеллект барлық салада қолданыла бастады. Дегенмен қоғамда сұрақ көп. Жалпы жасанды интеллект адамзат игілігіне қызмет ету үшін не істеу керек? Осы орайда жасанды интеллекттің білім саласына пайдасы туралы жазуды жөн көрдік. Оның ішінде білім беру саласының дамуына қалай әсер етеді? Пайдасы мен зияны қандай? Жасанды интеллект инновация құралының елімізде дамуы қарқынды жүріп жатыр ма? Білім сапасын арттыруға көмектеседі ме?

Әлемдік тәжірибеде жасанды интеллект адамдардың өмірін айтарлықтай өзгерткенін көптеген табысты IT-жобадан білеміз. Бір ғана мысал, Оңтүстік Кореяда роботтар оқушыларға ағылшын тілін үйретіп бастады. Интеллектуалды чат-бот қосымша оқушылармен түрлі тақырыптар бойынша пікірталастар мен әңгімелерге қатысуға мүмкіндік берді. Бұл олардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыруға бағыт-

талған. Жалпы білім саласында жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануда АҚШ, Қытай, Сингапур жетекші елдер көш бастауда. Дегенмен басқа да көптеген ел бұл салада белсенділік танытып, білім беруді жақсартуға ұмтылуда. Қазақстандағы білім беру саласына жасанды интеллектің ендіру қарқынды даму үстінде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның

экономикалық бағдары» атты Жолдауында цифрландырудың стратегиялық маңыздылығын атап өтіп,



акпараттық технологияларды енгізу арқылы IT секторында жасанды интеллект (AI) технологиялары

бойынша жетекші ел болу міндетін алға қойған еді.

Жасанды интеллект білім беру саласында күн сайын маңызды рөл атқарып, білім мен оқытуға деген қозғалыс түбегейлі өзгерте алатын перспективаларды ұсынууда. Қазіргі тенденцияларды талдай отырып, жасанды интеллект әкімшілік тапсырмаларды автоматтандырып ғана қоймай, сонымен қатар білім беру бағдарламаларын әрбір оқушының, студенттің қабілетіне сай бейімделуін қамтамасыз етіп, оқытудың жаңа мүмкіндіктерін жасайды деп айтуға болады. Машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалану арқылы үлкен деректерді талдай отырып, білім деңгейінің әлсіз жақтарын анықтап, оқытудың ең тиімді әдістерін ұсына алады.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2024

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қаны қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

Қазақстан Республикасы Президентінің
2022 жылғы 3 наурыздағы
№826 Жарлығына сәйкес Қызылорда қаласы әкімінің
қалаға қарасты кент, ауылдық округ және қала
тұрғындарымен кездесулерінің өткізу
КЕСТЕСІ

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1	Тасбөгет көпірі 3.Шүкүров көшесі №8 мекенжайында орналасқан №11 мектептің маңы	2024 жылғы 22 мамыр сағат 9:30
2	Бөкпел көпірі Бірлік көшесінің бойында орналасқан демалыс орнының аумағы	2024 жылғы 22 мамыр сағат 11:00
3	Қызылжарма ауылдық округі Қ.Сексенбаев көшесінде орналасқан тағзым алаңының маңы	2024 жылғы 22 мамыр сағат 14:30
4	Қосшыңырау ауылдық округі Абай ауылы, Бейбітшілік көшесінде орналасқан мәдениет үйінің маңы	2024 жылғы 22 мамыр сағат 16:00
5	Қарауылтөбе ауылдық округі Абай көшесі №27 мекенжайында орналасқан ауылдық клуб маңы	2024 жылғы 22 мамыр сағат 17:30
6	Ақжарма ауылдық округі Баймұрат батыр ауылындағы жаңадан салынған дәрігерлік амбулатория ғимаратының маңы	2024 жылғы 23 мамыр сағат 9:30
7	Қызылөзек ауылдық округі Е.Дәуітбаев көшесі №2 мекенжайында орналасқан №39 мектебінің аумағы	2024 жылғы 23 мамыр сағат 11:00
8	Тәпсәт ауылдық округі Ақмешіт н/з мекенжайында орналасқан ауылдық клуб маңы	2024 жылғы 23 мамыр сағат 15:30
9	Ақсуат ауылдық округі А.Найзағареев н/з мекенжайында орналасқан спорт кешенінің маңы	2024 жылғы 23 мамыр сағат 17:30

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1	Шұғыла мөлтек ауданы, Қызылорда ашық университетінің маңы	2024 жылғы 24 мамыр сағат 9:30
2	Арай шатыр ауданы, саяси қуғын-сүргін ескерткішінің маңы	2024 жылғы 24 мамыр сағат 11:00
3	С.Торайғыров пен Қорқыт ата көшелепіннің қиылысы	2024 жылғы 24 мамыр сағат 15:30

Халықпен кездесулер өткізілгеннен кейінгі жергілікті атқарушы
орғандардың, әлеуетті құрылымдардың /прокуратура, полиция/
басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес
мүшелерімен азаматтарды жеке қабылдауды өткізу кестесі

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1	«Аманат» партиясының қалалық филиалы ғимараты	2024 жылғы 29 мамыр сағат 9:00-13:00-ге дейін

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні сәрсенбінің сәтінмен
саяхаттасып, көпке ортақ игілікті істің тынысы ашыла түсті. Тұңғыш
Президент саябағында республикалық «Таза Қазақстан» акциясы
аясында тал егу науқаны ұйымдастырылды.

«БІРЛІК» АЛЛЕЯСЫНДАҒЫ БЕРЕКЕЛІ ІС



Көпшілікпен бірге облыс әкімі
Нұрлыбек Нәлібаев, қала әкімі Серік
Қожаниязов және облыстық Қазақстан
халқы ассамблеясы жанындағы құры-
лым мүшелері, этномәдени бірлес-
тіктердің жетекшілерімен бірге Бірлік
аллеясындағы тал егу шарасына
қатысты.

Айта кетейік, бүгінде облыстық
ассамблея жанында 11 этномәдени
бірлестік бар. Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінде «Қазақстан
халқы ассамблеясы» орталығы жұмыс
істейді. Өңірдегі ұлтаралық татулық пен
қоғамдық келісімді сақтау, облыстық
ассамблеяның қызметін жандандыру
және оның қоғамдық-саяси ролі мен
маңызын арттыру бағытында тиісті
жұмыстар атқарылады.

Жалпы республика бойынша «Таза
Қазақстан» акциясы аясында әр аптаға
«Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл
аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мәлдір
бұлақ» тақырыптық атаулары берілген.

Сыр өңірінде «Таза Қазақстан –
таза аймақ» науқаны аясында 5 ке-
зең бойынша қолдандыру, тазалық
шаралары ұйымдастырылуда.
«Өнегелі ұрпақ» апталығына барлық
мекеме ұжымдары, ардагерлер, қоғам
белсенділері, жастар, еріктілер мен
тұрғындар белсене қатысты. Шарада
саябақ аумағына 500-ден астам тал кө-
шеті отырғызылып, санитарлық тазалық
жұмыстары жүргізілді.

Қазір қоғамдық тазалыққа, тазалық
мәдениетіне деген көпшіліктің көз-
қарасы өзгеріп, үлгілі үрдіс қалыптасты.
Осындай серпіліспен экологиялық
акция алдағы аптада «Мәлдір бұлақ»
тақырыбымен жалғаспақ. Елді ізгі-
лікке шақырған бұл шара қаладағы
барлық сквер-аллеяларда өтіп, еселі
енбек көрігін қыздырған қарқынды
жұмысымен ерекшеленуде.

Ақтолық НҰР.ЛЫБАЙ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

БІР ТҮЙІР ДӘН – ЕЛ НЕСІБЕСІ

Ерте көктемнен дархан даланы дүбірге бөлеген
дикан қауымы осы күнді асыға күткені анық. Олардың
қуанышына ортақтасып, береке негізін қаласауға
байырғы күршішлер, батыр аналар да келді. «Биылғы
жылы күршіштен мол өнім аламыз» деген үкілі үмітпен
ардагерлер де дән себу шарасына белсене қатысты.
Өз кезегінде шаһар басшысы дала дикандарының
қажырлы еңбектеріне сәттілік тіледі.

– Жері күршіт, елі ырысты қаланың ауыл
шаруашылығы саласы жыл сайын толайым табыстарға
қол жеткізіп келеді. Мұның бәрі ауыл еңбеккерлері-
нің ынтымақ, бірлігінің жемісі. Бүгінгі Жер-анаға
себілген дән – ертеңгі дикан дәулеті, елдің ырзық-
несібесі. Дала дикандарының дамылсыз еңбегіне бақ-
береке тілеймін, – деді Серік Салауатулы.

Шара барысында ауыл шаруашылығы техника-
лары, күршіш сорттары, тыңайтқыштар мен су үнемдеу
технологиялары таныстырылып, науқанға дайындық
барысы пысықталды. Биылғы үлкен жаңалық – Сыр
өңірінің климаты мен жер жағдайына жерінегітін
«Айсара» дейтін күршіштің жаңа сорты таныстырылды.
Оны күршіш институтының ғалымдары ойлап тапқан.
Бір жағынан мол өнім беретін және тауарлық сапасы
жоғары күршіш сорты биыл алғаш рет өндіріске
енгізілмек. Қала басшысы мұны молшылықтың негізі
деп бағалады.

– Ендігісі ақ күршіштің атасы Ыбырай Жақаев
айтқандай, «егінші мәрт, жер жомарт» болсын деп
тілейік, – деді шаһар басшысы.

Қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары
бөлімінің басшысы Пахуадин Шамұратовтың айтуын-
ша, биыл егіске күршіш тұқымының 4,4 пайыз отандық,
95,6 пайыз ресейлік сорттардан дайындалған. Қалаға
қарасты ауылдық округтерде 8677 гектарға ауыл
шаруашылығы дақылдары орналастыру, оның ішінде
3614 гектарға күршіш егу жаспарлануда. Мұнымен қатар
суды аз қажет ететін малазықтық, майлы дақылдар
мен картоп, көкөніс көлемін арттыру көзделген.

Басы 1-бетте



– Қала бойынша 27 шаруа қожалығы бар. Осы
қожалықтарда бүгінгі күні егістік алқапты тегістеу
жұмысы жүргізіліп болды. Сонымен қатар дизель
отынмен де мердігер мекемелермен келісімшарт
жасалды. Аяқсауға келсек, әзірге қауіп жоқ. Өз
уақытымен беріліп тұр. Тамшылатып суару жүйесіне
тоқтатсақ, аудандарда осы әдіспен суару қолға
алынды. Ал қаладағы шаруа қожалықтары сол
аудандармен тәжірибе алмасуда. Алдағы уақытта да
осы әдісті тиімді пайдаланамыз деген ойдамыз.

Сондай-ақ егіске 3010,7 тонна минералдық
тыңайтқыш қажет болса, бүгінде ол толығымен сатып
алынды. Ал көктемгі дала жұмыстарына 157 ауыл
шаруашылығы техникасы пайдаланылуда. Осы кезде
дән себу жұмысы толықтай басталып кетті. Жыл
соңында осыдан мол өнім аламыз деп жоспарлап
отырмыз, – деді П.Шамұратов.

Сонымен қатар облыстық ардагерлер кеңесінің
төрағасы Серік Дүйсенбаев дала дикандарының
қажырлы еңбектеріне сәттілік тіледі.

– Жері күршіт, елі ырысты Сыр елінің ауыл
шаруашылығы саласы бойынша жыл сайын жақсы
көрсеткішке қол жеткізіп отыр. Мұның бәрі қала
еңбеккерлерінің ынтымақ, бірлігінің жемісі екенін
айта кеткеніміз дұрыс. Олардың жаз бойғы қажырлы
еңбектері мен тынымсыз күш-жігерлерінің арқасында
камбаға астық құйылып, ел несібесі молаяды. Барлық
дала дикандарына мол ырыс, елімізге тыныштық
тілеймін, – деді ардагер.

Ігілікті істің ел үшін несібелі болуына Қарауылтөбе
ауылының ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді
Досмаханұлы ақ батасын берді.

Ақтолық НҰР.ЛЫБАЙ
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ДЕМАЛЫС ПАРКІ АШЫЛДЫ, БАҒАСЫ ҚАНША?

Қалалық мәдени және демалыс паркі жаңа
маусыммен бастады.

Ашылу салтанатына қатысқан қалалық мәс-
лихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев шаһар
тұрғындарын жазғы демалыс маусымының
басталуымен құттықтады.

– Бірлік күні көпшіліктің асыға күткен қалалық
демалыс паркі өз жұмысын бастады. Лайым,
халқымыздың бірлігі арта берсін. Мамыражай
мерекеді демалыс паркі маусымының бастал-
ғанына, әсіресе, балалар қуанып жүр. Бүгінде осы
паркстің қала тұрғындары мен қонақтары үшін
үздіксіз әрі сапалы жұмыс істеуіне, жақсы көңіл-
күй сыйлауына барлық жағдай жасалды. Халыққа
қолайлы орта қалыптастыру, қауіпсіздік мәселесі

мәлімдеді.

– Бұл демалыс паркі – қаламыздың негізгі
демалыс орындарының бірі. Осы кезге дейін то-
лықтай дайындық, тазалық, көркейту, қолдан-
дыру жұмыстары жүргізілді. Жеке кәсіпкерлер
жалға алған орындарын санитарлық талпақ
сәйкес күтіп ұстайды. Оның барлығы біздің бақы-
лауымызда.

Сонымен қатар демалыс паркіндегі барлық
аттракциондар тексерілді. Себебі қауіпсіздік
шаралары қатаң сақталуы тиіс. Осы кезде парктің
теңгерімдегі 8 аттракцион жұмыс істеп тұр.
Ал қалған аттракциондар мен ойын-сауық орталық-
тары жеке кәсіпкерлердің еншісінде. Жалпы
барлығы 90-ға жуық аттракцион мен ойын-



басты назарда. Осының барлығы қала халқына,
балалықтардың шат күлкісіне себепші болмақ.
Соңғы жылдары шаһарда тұрғындардың жайлы
тұрмысы үшін айтарлықтай жұмыс жүрді.
Скверлер мен аллеялар қайта жаңғыртудан өткі-
зілуде. Биылдың өзінде 25 көпқабатты үйдің
ауласы абаттандырылып, ойын алаңдары жөн-
делуден өтеді. Оған қоса, спорттық алаңдар
салынууда. Сонымен қатар орталық алаңдағы
ауқымды жұмыстың да аяқталуына аз қалды, –
дейді қалалық мәслихат төрағасы.

Қала халқының жаз маусымында уақыттың
тиімді өткізуін қамтамасыз ету мақсатында биыл
да түрлі мәдени шаралар, көңілді кештер өткізіліп,
келушілерге жайлы орта жасалатын болады.
Бұл жайында қалалық мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов

сауық орталығы халық игілігіне қызмет етеді.
Соңғы бес жылда баға өзгерген жоқ. Балаларға
– 300, ересектерге – 500 тенге көлемінде қызмет
көрсетуде. Демалыс паркінің жұмысы қыркүйек
айына дейін жалғасады, – дейді бөлім басшысы.

Ақтолық НҰР.ЛЫБАЙ
Суреттер қала әкімінің
баспасөз қызметінен алынды

Сәкен Сейфуллин атындағы №4 ІТ мектеп-
лицейінің 60 жылдық мерейтойына орай мектептің
үздік түлегі, әрі «Алтын медаль» иегері, отандық
ғылым мен жоғары білім саласын дамытуға үлес
қосқан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
профессор Қылышбай Бисеновпен кездесу өтті.

АКАДЕМИК СЫНЫБЫ

Шараға облыстық білім басқармасының басшысы
Аскарбек Есжанов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің басқарма төрағасы-ректор Бейбітқұл
Каримова және зиялы қауымымен ұстаздар қатысты.
Онда ардагер-ұстаздың өнегелі еңбек жолын оқушыларға
үлгі етті.

– Қазақта керемет сөз бар «Бір жылыңды ойласаң, егін
ек. Он жылыңды ойласаң, ағаш ек. Жүз жылыңды ойласаң,
ұрпақ тәрбиеле» дегендей Қылышбай Бисенов ұрпақтың,
баланың тәрбиесінде елдің, ғылымның дамуына зор үлес
қосқан ардақты абадан азамат ретінде сыйлы, мемлекет және
қоғам қайраткері – деді облыстық білім басқармасының
басшысы Аскарбек Есжанов.

Мұнан соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің басқарма төрағасы-ректор Бейбітқұл
Сәрсемханқызы ізгі лебізін жеткізді.

– Жаңа құрылған университеттің тұңғыш ректоры ретінде
білім ордасын Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық,
индустриалды-инновациялық, рухани-мәдени дамуында
өзіндік орны бар көпсалалы университетке айналдырды.
«Қорқыт Ата университетінің Құрметті ректоры»
атағының Қылышбай Алдабергеновтің берілуі – осы ерен
еңбегінің лайықты бағасы. Білімге құштарлық, ғылыммен
айналысу – оның өмірлік ұстанымы болды десек, анығын
айтқанмыз. Тынымсыз ізденіске толы қажырлы еңбегінің
нәтижесінде ассистенттен – профессорға, аспиранттан –
ғылым докторына дейінгі жолдан өтті. Ағамыз осы мектеп
түлектерінің арасынан шыққан тұңғыш ҚР Ұлттық ғылым
академиясының академигі, – деді ол.

Бүгінде Қылышбай Алдабергеновті Қызылорда ашық
университетінің басқарып, еліміздің ғылымы мен жоғары
білімін дамытудағы тағлымды жолын жалғастырып
келеді. Мектеп оқушыларымен кездесу барысында
олимпиада жүлдегерлеріне оқу орнына білім грантына
сертификат табыстылды.

Іс-шара жаңа сыныптың ашылуымен жалғасты.
Нақтырақ айтатын болсақ математика кабинетіне техника
ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым
академиясының академигі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері
Қылышбай Алдабергеновті Бисеновтың есімі берілді.

Шараға келген Қызылорда ашық университетінің бі-
рінші проректоры Жүнісов Абай Талғатұлы жаңа сыныптың
ашылуымен құттықтап, олимпиада жеңімпаздарына 20
гранттың берілігін айтып өтті.

Н.АЛТЫН

ЖЕҢІС ЖАЛАУЫН ЖЕЛЫРЕТКЕНДЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Жеңіс күні жақын. Осыған орай
облыстағы 4 соғыс ардагеріне 1 млн 606
мың теңгеден төленсе, облыс әкімінің
қолдауымен тағы да 904 мың теңгеден
біржолғы әлеуметтік көмек берілмек.
Осылайша, соғыс ардагерлеріне
2510560 теңгеден берілетін болды.

Бұл туралы өңірлік коммуникация орталы-
ғында брифинг берген облыстық қоғамдық даму
басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов
пен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру
және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының
басшысы Ғабит Жаңабаяв мәлімдеді.

А.Есмахановтың айтуынша, аймақ басшы-
сының қатысуымен 7 мамыр – Отан қорғаушылар
және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс мерекесіне орай сексе
алу митингісі өткізіліп, Тағзым алаңына гүл
шоқтары қойылады. Салтанатты мереке құрметіне
«Жеңіс лентасы» таратылады. «Ардагерлерді
ардақтайық» тақырыбында азаматтық қоғам
өкілдері мен белсенді жастардың қатысуымен
ардагерлер мен қарттар үйлерінің аумағына,
жалғызбасты қариялардың ауласына тазалық
акциясы ұйымдастырылады. Бүгінде көзі тірі
4 соғыс ардагеріне ерекше құрмет көрсетіліп,
құттықтау хат табыстылады. Олардың өміршең
ерліктері кеңінен насихатталады.

Ал білім беру ұйымдарында мереке қар-
саңында Халық қаһармандары Рахымжан
Қошқарбаев пен Сағадат Нұрмағамбетовтің
100 жылдығына орай танымдық шара, соғыс
ардагерлері мен бейбіт күннің батырларының
қатысуымен кездесу өткізілмек.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру
және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының
басшысы Ғабит Жаңабаявтың мәлімдеуінше,
бүгінде аймақта екінші дүниежүзілік соғыс
ардагерлері мен оларға теңестірілген 3843
ардагер бар.

– Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне
2510560 теңгеден төленеді. Соғыс жылдарын-

дағы тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз
әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы-
ның ордендерімен және медальдарымен
марапатталған ардагерлерге – 221,5 мың
теңгеден, соғыста қаза тапқан жауынгерлердің
екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, қайтыс
болған Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің
жұбайларына – 147,6 мың теңге, 1941 жылғы 22
маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында
тылда кемінде алты ай жұмыс істегендерге –
147,6 мың теңге, Ауған соғысының қатысушы
мен мүгедектеріне – 147,6 мың теңгеден
төленді. Бұған қосымша Ауған соғысының
35 жылдығына орай жергілікті уәкілетті

орғандардың шешімімен 36,9 мың теңгеден
қосымша бір реттік әлеуметтік көмек тө-
ленбек. Мұнан бөлек, екінші дүниежүзілік
соғыс ардагерлеріне теңестірілгендерге 147,6
мың теңге, басқа мемлекеттердің аумақта-
рындағы ұрыс қимылдарына қатысқан арда-
герлерге 147,6 мың теңгеден, Чернобыль,
Семей, Ауғанстанда немесе басқа да ұрыс
қимыл болған басқа да мемлекеттерде қайтыс
болған әскери қызметшілердің отбасыларына
біржолғы әлеуметтік көмек төленді, – деді
басқарма басшысы.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Мұнан бөлек, «Таза Қазақстан – таза аймақ» республикалық акциясының «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ» апталарында да өңірде іргелі жұмыстар атқарылуда. Бұл ретте қызылордалықтар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып келеді.

– Бір-бірімізді қолдап, қаламыздың санитарлық тазалығы мен көркейту-көгалдандыру жұмыстарына жұмыла білдік. Оның нәтижесін әрбір аптаның қорытындысы сараптап отыр. Науқан басталғалы 10 мыңнан аса адам қатысты. Қала аумағына 6 мыңға жуық қошет отырғызылды. Қоше, аулалардан шыққан 2000 текше метрге жуық қоқыс полигонға тасымалданды. Ағаштарды әктеу және абаттандыру жұмыстары жанданып, ескі арықтардың көздері аршылды. Қазір қоғамдық тазалыққа, тазалық мәдениетіне деген көпшіліктің көзқарасы өзгерді. Үлгілі үрдіс қалыптасты. Осындай серпіліспен алдағы «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» апталығын да ауызбіршілікпен атқарамыз деген сенімдемін. Бүгінгі мерекеге ұласқан «Жасыл аймақ» апталығында саябақтардың аумағын тазалап, тағлымды акцияны кеңінен насихаттаймыз, – деді әкімі Серік Қожаниязов.

Мемлекет басшысы бұған дейін облыстар мен қалаларды абаттандыру және көгалдандыру жөнінде нақанды бастауды тапсырған болатын. Айта кетейік, облыс бойынша орман және жергілікті жердегі көгалдандыру жұмыстарына қажетті қошеттермен қамтамасыз ету үшін 8 орман шаруашылығы мекемелерінде 158 гектар уақытша тұқымбақтар орналасқан, барлығы 17,5 млн дана әртүрлі жергілікті жерге жерсіндірілген үйеңкі, шаған, қаратал, айлант, катальпа, сыр талы, терек, жиде, легикум тәрізді саялы ағаштар мен сексеуіл қошеті өсірілуде. Жыл



ЖАСЫЛ ҚАЛАҒА қашан айналамыз?

басынан бері бүгінгі күнге дейін орман шаруашылығы мекемелерінің тұқымбағында өсірілген терек, қаратал, үйеңкі, айлант, катальпа секілді облыс бойынша 28 мыңнан астам ағаш қошеті таратылып, егілді. Бұдан бөлек, Қызылорда - Жезқазған бағытындағы автожолының бойында 3000 гектар алаңда жасыл аймақ құру жұмыстары жүргізілді.

Осыдан біршама уақыт бұрын қала іргесіндегі Ақсуат ауылдық округінің халқы аяқсуға байланысты мәселе көтерген болатын. Бүгінде ауыл әкімінің бастамасымен аяқсу мәселесі де шешіліп, Наурыз елді мекенінің күре жол бойындағы бөлігіне ағаш егілді. Жол бойын жайқалған аймақ етуге бар күш-жігерін жұмсап жүрген

ел арасынан шыққан әкім қолдан келгенін аянбайтынын жеткізуде.

– Ауылда қандай жұмыс қолға алынса да, соның барлығы халықтың күшімен бітеді. Елдің бірлігі қай кезде де маңызға ие. Сондықтан, ауылға ағаш етуге жергілікті халықтың берген көмегі мол. Біз бірікпек, алынбас асу, берілмес қамал болмайды. Ауыл халқына осындай игі

істің басы-қасынан табылып, бастамаларды қолдайтыны үшін айтар алғысым мол, – дейді Нұрболат Бақытұлы.

Саусақпен санамаласақ, жылдар бойы егілген ағаштың жағдайын жасап, күтіп-баптасақ, ну орманға айналар едік. Бұл пікірді айтып жүргендер жетерлік. Ал қоғам белсендісі Болат Нұрқожаев тек айтумен шектелмей, іспен дәлелдеп келеді. «Қызылорданы 5-6 жылда жасыл қала етуге болады» деген ұстаныммен жүрген азамат өзі тұратын аумақтың айналасын гүлдендіріп үлгерген. Тіпті өзі тал қошеттерін тұқымнан көбейтіп, ынталы азаматтарға да үлестіріп жүр.

Қызылордада қоныс аударғанға 20 жылға жақын уақыт болды. Біздің қала 1980 жылдары жап-жасыл еді, кейіннен жасыл желегі азая түсті. Біз 2009 жылы Иппродром шағын ауданының тұрғындары жиналып, аяқсулы құбырмен жүргізуді бастадық. Менің байқағаным, «жалғыз өзім не өзгертім» деген түсініктен аулақ болу керек. Бір адам тал ексе, басқаларына үлгі болады. Қазір сол мекендегі Қорасан ата көшесі шаһардың жап-жасыл көшелерінің қатарында. Мұнан кейін біз Ақирек көшесінде де осы тәжірибені бастадық. Құбыр тартып, суарлық. Бірнеше жылдан бері осы әдісті дағдыға айналдырған біз енді Баймаханов көшесін де көгалдандыруға кірісіп кеткенімізге көп болды, – дейді Болат Нұрқожаев.

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында 5 жыл ішінде елді мекендерге 15 млн тұп ағаш отырғызуды тапсырған болатын. Бұл бағытта Сыр өңірінде де 2021-2025 жылдарға арналған өңіраралық жоспар бекітілді. Жоспарға сәйкес 2024 жылы елді мекендер аумағында 100,1 мың қошет, жасыл аймақ құру бойынша 108,6 мың ағаш ету жоспарланып отыр. Жемісті нәтиже жалғасын таба бермек.

Басы 1-бетте

Қоқыс тастау мәдениеті әлі де қалыптаспай келеді. Қызылорда облысы бойынша экология департаменті бұл ретте рұқсатсыз қалдық тастау орындарын анықтау жұмыстарымен айналысуда.

РҰҚСАТСЫЗ ҚАЛДЫҚТАР АНЫҚТАЛУДА

– ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ арасында қалдықтар орналасқан жерлерді қашықтықтан зондаудың ғарыштық түсірілім қызметін көрсету бойынша келісімшарт жасалып, 2018 жылдан бастап қала маңындағы 50 км белдеуде орналасқан бей-берекет қалдықтар орындарын жою көзделген, – дейді департаменттің баспасөз хатшысы Ботақоз Сейіл.

Мәселен, 2023 жылы «Қазақстан Ғарыш сапары» АҚ-мен жүзеге асырылған ғарыштық мониторинг нәтижесімен 74 рұқсатсыз қалдық орындары анықталып, Қызылорда облысы республикада алғашқылардың бірі болып, қысқа мерзімде анықталған қалдықтар орындары толық жойылды. Заңсыз қалдық орындарын болдырмау жөніндегі жұмыстардың нәтижесімен рұқсатсыз тасталған қалдықтардың орындары жыл сайын азайып келеді. Мысалы, 2018 жылы 240 орын анықталса, 2019 жылы бұл дерек 228-ге түскен. Ал 2020 жылы 136 орын анықталған. Сондай-

ақ 2021 жылы – 105, 2022 жылы – 99 орын анықталса, 2023 жылы 74 рұқсатсыз қалдық орны назарға ілікті.

– Бұл көрсеткіш жылдан-жылға азайып келе жатса да халық арасында үйреншікті жерлерді тастау тыйылмауда. Бүгінде Қызылорда облысы стихиялық қалдық орындарын жою жөнінде атқарылған шаралар нәтижесі аймақтар көрсеткіштерінде алғашқы орында. Сонымен қатар маңызды атап өтетін жайт, стихиялық қалдықтар орындарын жоюдан бөлек, бірінші ретте заңсыз қалдық орындарының түзілуін болдырмауға бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеміз. Алдағы уақытта қала аумағында заңсыз қалдық орындарын анықтау мақсатында тұрақты түрде рейдтік іс-шараларды тоқтатпаймыз, – дейді Б.Сейіл.

Таза қала – өз үйің. Тазалықтың қай кезде де жоғары мәдениеттің көрінісі екенін ұмытпаған абзал.



«ЖАҒДАЙЫ ЖОҚ БОЛСА, ЖАЯУ ЖҮРСІН»

Таяуда отандық телеарналардың бірінде эколог «Жаңа техника алуды халықтың қалтасы көтермейді деген пікір болмайды. Жағдайы келмесе, экологияны ластамай, жаяу жүрсін» деп кесіп айтты.

Әлеуметтік желіде кен тараған бұл видеодан ұқпанымыз қызметтегі азаматтар көп мәселеге ат үстінен қарайтын тәрізді. Жерге түсіп, елмен етене болса, сол жасы 30-ға таяу тұлпарлармен бүтіндей бір отбасының нәпақасын тауып жүргендерді көрер еді. Мәселен, Жандос Алтынбаевтың мамандығы – металлург. Ол осы мамандықты ұнатып, өз мамандығының шыңына шыққысы келген. Өйтсе де қарашынарақтың тұтқасын ұстап қаламын деп, ауылдан ұзамай қалды. Енді ауыл мен қала арасында жолаушы тасымалдап, ескі «опель» автокөлігімен нан тауып жүр. Табысына шағымы жоқ, бірақ бақандай ақшаға су жаңа көлік алып, он жыл несие төлеуге ниетті емес.

– Көліктен шығатын улы заттардың бар екенін білемін. Иә, қоршаған ортаны ластап жатқан шығармыз. Бірақ жоғарыдағы азаматтар біздің кішкентай көліктен бұрын атынан ат үркетін алпауыт компанияларды, жер-жердегі қоқыс полигондарын зерттеген. Ал біздің автокөлікті жаңалауымызға мүмкіндік жоқ. Үш миллионға сырттан көлік алаңсыз, үш миллионға құжатын рәсімдейсіз. Ал елдегі автокөліктердің бағасы аспандап кетті. Халықтың бәрі миллиондап айлық алып жатқан жоқ. Соны ұмытпауы керек, – дейді Жандос.

Бүгінде Қызылорда облысында да автокөліктен шығатын улы заттар құрамын өлшеуді облыс бойынша экология департаменті қолға алған. Әрине, әдепкі кезде Алматы қаласында пилоттық жоба болып қолға алынғанымен өңірлерде де жұмыс жүрде. Ауа құрамын анықтайтын құрылғымен автокөліктердің түтінін тексереді. Мәселен, оның құрамындағы күкірт, азот оксидтері мен көмірқышқыл газының көлемі артып кетсе, арнайы шара көретін құзырлы орындар бар.

– Қызылорда облысының экологиялық мәселелерін кешенді шешу жөніндегі Жол картасына сәйкес, Қызылорда облысы бойынша экология департаменті және Қызылорда облысының полиция департаментімен

бірлесіп, 2021-2025 жылдарға арналған «Таза ауа» іс-шара жоспары келісілген. Іс-шараның мақсаты – қала төңірегіндегі автокөліктердің экологиялық нормаларға сәйкестігін анықтау. Мамандар тарапынан бензин, газ және дизель отынымен жүретін автокөліктерге өлшеу жұмыстары жүргізіледі. Осыған байланысты 2023 жылы барлығы 59 автокөлік құралы тексеріліп, осы жылдың I тоқсаны бойынша 7 автокөлікке өлшеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 10 автокөліктен өлшеммен асу дерегі анықталып, полиция қызметкерлері тиісті шаралар қабылдады, – дейді департамент қызметкері Әсем Тынарбай.

Әлемдік деңгейдегі ғылым не дейді? Италиялық ғалымдардың айтуынша, көліктің түтінін көп жұтқан адам аутоиммунды ауруларға шалдығуы мүмкін. Мұндай тұжырымға олар он жылдық зерттеу жұмысының нәтижесінде жеткен. «RMD Ореп» журналында жарияланған бұл деректерде мамандар әзірше көліктің түтіні қалай аутоиммунды ауруларға әкелетініне не себеп болатынын білмейді. Бірақ көліктен шығатын түтінінің аутоиммунды аурулардың ішінде ревматоидты артрит, қызыл жегі, ойық жара, колит, ішек қабынуы, остеоартрит, ұмытшақтық сынды аурулардың пайда болуына себепші болатын көрінеді.

– Біз 2016-2020 жылдар аралығында 81 мыңнан аса адамнан тәжірибе алдық. Оның 73 мыңнан астамы – 65-тен асқан жандар. Қатысушының тұрып жатқан жері ауа сапасын бақылайтын станцияның деректерімен салыстырылды. Нәтижесінде тәжірибеге қатысқандар ішінде 9723-інен, яғни, 12 пайызынан аутоиммунды аурулар табылды. Көлік түтініндегі қауіпті заттар адамның ревматоидты артрит ауруына шалдығу қаупін 40 пайызға, ішек қабыну қаупін 20 пайызға арттырады, – дейді ғалымдар.

Мәселенің жан-жақты қыры бар. Өйтсе де тозығы жеткен тұлпардың бір отбасын асырап отырғаны және тұтас елді ұлап жатқанын таразы басына салсақ, кім үшін қай жағы басым түсері беймәлім. Бүгінде бұл мәселе әлі де мінберден түскен жоқ. Қалай болғанда да жаңа тұлпар мініп, жарқырап жүргенге не жетсін?

Бетгі дайындаған
Дәулет ҚЫРДАН

Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан ӘЙМІН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2902 Тапсырыс №698

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтоқын НҮРҮЛБАЙ